"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫБОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ЮЖНО-
КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі,14-ғимарат
Тел.: 8 (7252)-35-06-06, факс: 35-10-01 ММ код 2170025,
СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 ОҚО
бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Шымкент, ул.Водопьянова, 14-здания Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01 Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

«24» 08 2018 жыл № 03-03/4653

«Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси редакциясы» ЖШС-нің директоры – бас редакторы Ә.Рахманқұловқа

Сіздің 02.08.2018 жылғы №67 санды шағымыңыз негізінде, Қазақстан Республикасының 12.11.2015 жылғы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» №392-V Заңының 14 бабының 2 тармағына және 18 бабының 5 тармағы 4-тармақшасына сәйкес, «Төлеби ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесіне 2018 жылдың 01 мамырынан бастап 2018 жылдың 01 тамызын қоса алғанда №2565628-1 «2018 жылы Газет бетіне материал жариялау» ашық конкурсы бойынша мемлекеттік сатып алу процедураларының Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаларының сақталуына аудиторлық іс-шара жүргізілді.

Аудиторлық іс – шарамен бағдарламада көрсетілген сұрақтар қамтылып, нәтижесінде жалпы сомасы – 892,9 мың теңгеге рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды. Атап айтқанда:

19.07.2018 жылғы №2565628-ОК1 қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес конкурстық комиссия конкурстық өтінімін ұсынған әлеуетті өнім беруші «Толеби-пресс» ЖШС-нің конкурстық өтінімін *«Рұқсат»* деген шешімге келген.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі №451 «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңында «журналист (бұқаралық ақпарат құралының өкілі) – еңбек қатынастары немесе өзге де шарттық қатынастар негізінде бұқаралық ақпарат құралы үшін хабарламалар мен материалдар жинау, оларды өңдеу және әзірлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға» деген ұғым көрсетілген.

Әлеуетті өнім беруші «Толеби-пресс» ЖШС-нің ұсынған конкурстық өтінімін қарау барысында «1-директор», «1-тілші редактор», «3-тілші» құжаттары ұсынылған.

Алайда, біліктілік талаптарын растайтын құжаттарында тілші-редактор Пернекулова Ботагоз Уалиханқызының дипломы «құрлық гидрологиясы» мамандығы болса, тілші Бексаутова Индира Асильбекқызының дипломы «органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығын ұсынған.

Бұл дегеніміз ұйымдастырушы болып табылатын "Төлеби ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссия төрағасымен бекітілген техникалық ерекшелікте «Штаттық кестесінде 3 тілшіден кем болмауы керек»

деген талап орындалмаса да, конкурстық комиссия «Толеби-пресс» ЖШС-не негізсіз рұқсат берілгені анықталды.

Анықталған бұзушылықтарға жою бойынша ден қою шаралары қолданылатын болады.

Департамент басшысының м.а. **Д.Мамбекова**

Орын.: І.Айнақулов
Тел.: 8 7252 35-06-06